



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы

**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің
білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және
сараптау арқылы білім беру бағдарламаларының
сапасын арттыру жөніндегі жұмыс туралы 2022 жылға
есеп**

АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Астана қ., 2022 жыл

Оглавление

КІРІСПЕ	3
1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары тізілімінің жұмыс істеуін реттейтін нормативтік актілер	4
2. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары тізілімі» АЖ техникалық және әдістемелік сүйемелдеу.....	6
2.1. Білім беру бағдарламаларын Тізілімге енгізу кезеңдері	6
2.2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Нұсқаулықты; «Тізілімге ББ енгізу» модулі бойынша пайдаланушы (ЖЖОКБҰ өкілі үшін) нұсқаулығын жаңарту.....	7
Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Нұсқаулықты (2022 жылғы 2 маусымдағы №737 н/қ бұйрығы); «Тізілімде ББ енгізу» модулі бойынша пайдаланушы (ЖЖОКБҰ өкілі үшін) нұсқаулығын жаңартты.	7
2.3. «Тізілімде ББ жаңарту» модулі бойынша пайдаланушы нұсқаулығын жаңарту.....	7
2.4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының төлқұжаттарын сараптау жөніндегі нұсқаулығын, оның ішінде ББ сараптама критерийлерін өзектендіру	7
Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының төлқұжаттарын сараптау жөніндегі нұсқаулықты, өзектендірді (2022 жылғы 16 мамырдағы №648 н/қ бұйрығы).....	7
3. Білім беру бағдарламаларын сараптау үшін сарапшыларды тарту.....	8
4. ҚР ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларын әзірлеушілер мен сарапшылар үшін практикалық, оқыту семинарларын / тренингтерін ұйымдастыру және өткізу	8
5. 2022 жылы ББ тізіліміне өтінімдерді қабылдау.....	12
6. Тізілім жұмысының мониторингі	12
7. «ЖЖОКБҰ ББ Тізілімі» ақпараттық жүйесін техникалық жетілдіру бойынша жүргізілген жұмыс	19
8. 2022 жылға кадрларды даярлау бағыттары бойынша ОӘБ-ЖБТ жұмысы.....	21
ҚОРЫТЫНДЫ.....	24

КІРІСПЕ

Қазақстанның Болон процесіне қатысуы отандық білім беру сапасын еуропалық стандарттарға сәйкес келтіруге мүмкіндік берді.

Жоғары оқу орындарына еңбек нарығының талаптарын, сондай-ақ өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, жұмыс берушілерді тарта отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнын дербес әзірлеуге және айқындауға мүмкіндік беретін академиялық дербестік берілді.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын есепке алудың бірыңғай ақпараттық ортасын қалыптастыру үшін 2019 жылдан бастап жоғары білімді басқарудың бірыңғай жүйесі платформасында (бұдан әрі – ЖБББЖ) платформасында «Білім беру бағдарламаларының тізілімі» ақпараттық жүйесі жұмыс істейді http://esuvo.platonus.kz/#/register/education_program.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының¹ 21, 22-баптарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының тізбесі білім беру бағдарламаларының тізілімінде қамтылуы тиіс.

ББ тізілімі есепке алу-ақпараттық функцияны орындайды, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының дерекқорын енгізуді, сақтауды, іздестіруді, жүргізуді автоматтандыруға, мүдделі тараптарды Қазақстанның жоғары оқу орындары іске асыратын кадрлар даярлау бағыттары мен бағдарламалары туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

ББ тізілімін жүргізуді білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған Оператор – Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы (бұдан әрі – БПЖАҰО) жүзеге асырады және және ҚР БҒМ 2021 жылғы 20 мамырдағы № 225 бұйрығымен («ББ тізілімінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын қосу және алып тастау алгоритмін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 4 желтоқсандағы № 665 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы) реттелді және 2022 жылғы 28 қазаннан бастап ҚР ҒЖБМ 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерімен (бұдан әрі – қағидалар) реттеледі.

Барлық мүдделі тұлғалар (ЖЖОКБҰ қызметкерлері, орта білім беру жүйесінің қызметкерлері, оқушылардың ата-аналары, талапкерлер және т.б.)

¹ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

ЖБББЖ² және БПЖАҰО³ сайттарында ББ тізілім материалдарымен кедергісіз танысуға мүмкіндігі бар.

Білім беру қызметімен айналысуға лицензия алу үшін талаптардың бірі ББ тізілімінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасының болуы болып табылады («Білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 17.08.2020 ж. № 351 бұйрығы⁴).

Сонымен қатар, Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне, сондай-ақ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына (ҚР БҒМ 29.01.2016 ж. № 122 бұйрығы⁵) сәйкес ББ тізілімінде білім беру бағдарламасының болуы мемлекеттік білім беру тапсырысын алу үшін критерийлердің бірі болып табылады.

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары тізілімінің жұмыс істеуін реттейтін нормативтік актілер

«ББ тізілімі» ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуі мынадай бекітілген нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚР Заңы (21 және 22-баптар);

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдеде № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ бұйрығымен бекітілген денсаулық сақтау саласында білім деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;

- «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының сайтында орналастырылған кәсіби стандарттар мен салалық біліктілік шеңберлері (<https://atameken.kz/ru/services/16>);

- ҚР БҒМ 2018 жылғы 13 қазандағы №569 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы;

- ҚР ҒЖБМ 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында

² <http://esuvo.platonus.kz/#/>

³ <https://enic-kazakhstan.kz/>

⁴ <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021102>

⁵ <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013418>

іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздері;

- БПЖАҰО директорының 7.02.2022 жылғы №154 н/к бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының тізілімі туралы ереже;

«ББ тізілімі» АЖ-дағы білім беру салаларының, даярлау бағыттары мен білім беру бағдарламалары топтарының кодтары мен атаулары мынадай құжаттар негізінде айқындалған:

- Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығы, өзгерістер: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 13 сәуірдегі № 162 бұйрығы);

- Кешенді тестілеуді өткізу қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 07.06.2022 жылғы №264 бұйрығымен жаңа редакциясында);

- Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы);

- 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған білім беру бағдарламаларының топтары бөлінісінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу туралы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 2 шілдедегі № 316 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.07.2022 жылғы №6 бұйрығымен жаңа редакцияда);

- Резидентура бағдарламаларының медициналық мамандықтар тізбесін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № ҚР ДСМ-43 бұйрығы);

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық (БПЖАҰО директорының м.а. 02.06.2022 жылғы № 737 н/к бұйрығы);

- «Тізілімдегі ББ жаңарту» модулін пайдаланушы нұсқаулығы (БПЖАҰО директорының м.а. 25.05.2022 жылғы №689 н/к бұйрығы);

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының төлқұжатын сараптау жөніндегі нұсқаулық (БПЖАҰО директорының м. а. 16.05.2022 жылғы №648 н/к бұйрығы);

- «Тізілімге ББ енгізу» модулін пайдаланушы нұсқаулығы (БПЖАҰО директорының м.а. 16.05.2022 жылғы №648 н/к бұйрығы).

2. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары тізілімі» АЖ техникалық және әдістемелік сүйемелдеу

2.1. Білім беру бағдарламаларын Тізілімге енгізу кезеңдері

«ЖЖОКБ ББ тізілімі» ақпараттық жүйесіне жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан өтінімдер қабылданады:

1. Тізілімге ББ енгізу

Білім беру бағдарламаларын Тізілімге енгізу төрт кезеңде жүргізіледі:

- білім беру ұйымының тізілімді жүргізу қағидаларына қосымшаға сәйкес тізілімге енгізу үшін өтінімді (бұдан әрі-өтінім) ұсынуы;

- әкімшінің өтінімді тексеруі және өтінімді өтініш берушіге пысықтауға жіберу (ескертүүлەر болған жағдайда);

- бағдарламаға сараптама жүргізу және өтінімді өтініш берушіге пысықтауға жіберу (ескертүүлەر болған жағдайда);

- бағдарламаны Тізілімге енгізу немесе өтінімді қабылдамау.

2. Тізілімде ББ жаңарту:

- білім беру ұйымының ББ төлқұжатына енгізілген өзгерістермен өтінім беруі;

- әкімшінің өтінімді тексеруі және өтінімді өтініш берушіге пысықтауға жіберу(ескертүүлەر болған жағдайда);

- өтінімді мақұлдау/ қабылдамау немесе сараптамаға жіберу;

- сарапшының бағдарламаға сараптама жүргізуі және өтінімді өтініш берушіге пысықтауға жіберуі (ескертүүлەر болған жағдайда);

- бағдарламаны тізілімде жаңарту немесе өтінімді қабылдамау.

3. Тізілімнен ББ алып тастау

- өтініш беруші ақпараттық жүйеге өтініш берушінің алқалы органы отырысы хаттамасының себебі мен нөмірін көрсете отырып, ББ алып тастауға өтінім береді;

- бағдарлама тізілімнен шығарылады.

Тізілімде өтінімдердің: «қарастырылуда», «сараптама», «түзетуге Оператормен қайтарылды», «түзетуге сарапшымен қайтарылды», «түзетілді», «түсіндірмелермен түзетілді», «сараптама аяқталды», «қабылданды», «Оператормен қабылданбады», «Сарапшымен қабылданбады», «Комиссия шешіміне жіберілді» мәртебелері қарастырылған.

ЖЖОКБҰ мен басқа да ұйымдарды ББ тізілімінде тіркеу рәсімін Platonus ЖШС, ал сарапшыларды – Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы жүргізеді.

2.2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Нұсқаулықты; «Тізілімге ББ енгізу» модулі бойынша пайдаланушы (ЖЖОКБҰ өкілі үшін) нұсқаулығын жаңарту

Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Нұсқаулықты (2022 жылғы 2 маусымдағы №737 н/қ бұйрығы)⁶; «Тізілімде ББ енгізу» модулі бойынша пайдаланушы (ЖЖОКБҰ өкілі үшін) нұсқаулығын⁷ жаңартты.

Нұсқаулықтар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына, оның ішінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлаумен айналысатын ұлттық және ғылыми орталықтарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленді, білім беру бағдарламаларын әзірлеу және Тізілімге ББ енгізуге өтінім беру тәртібін айқындайды.

2.3. «Тізілімде ББ жаңарту» модулі бойынша пайдаланушы нұсқаулығын жаңарту

- оператор үшін;
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының өкілі үшін».

Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы оператор үшін және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының өкілі үшін «Тізілімде ББ жаңарту» модулін пайдаланушының нұсқаулығын өзектендірді және 2022 жылғы 25 мамырдағы № 689 о/д бұйрығымен⁸ бекітті.

Нұсқаулықтар «Тізілімде ББ жаңарту» модулінде жұмыс істеуге арналған кадамдық нұсқауларды береді.

2.4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының төлқұжаттарын сараптау жөніндегі нұсқаулығын, оның ішінде ББ сараптама критерийлерін өзектендіру

Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының төлқұжаттарын сараптау жөніндегі нұсқаулықты, өзектендірді (2022 жылғы 16 мамырдағы №648 н/қ бұйрығы)⁹.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының төлқұжаттарын сараптау жөніндегі нұсқаулық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізілімі туралы күшіне енген ережеге байланысты тармақтармен толықтырылды. 2021 жылдан айырмашылығы бағдарламаның сараптамасын 2 (екі) сарапшы қатар жүргізеді, бұл ретте инновациялық бағдарламаның сараптамасын 3 (үш) сарапшы қатар жүргізеді.

⁶ <https://enic-kazakhstan.edu.kz/reestr-op/ovpo-1>

⁷ <https://enic-kazakhstan.edu.kz/reestr-op/ovpo-1>

⁸ <https://enic-kazakhstan.edu.kz/reestr-op/ovpo-1>

⁹ <https://enic-kazakhstan.edu.kz/reestr-op/ekspertu-op>

3. Білім беру бағдарламаларын сараптау үшін сарапшыларды тарту

Объективті кәсіби бағалау үшін сарапшылар базасының құрамын кеңейту және Тізілімге енгізілген білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру мақсатында кәсіби саладан сарапшыларды таңдау жарияланды. Хабарландыру 22.01.2022 жылы БПЖАҰО сайтында (<https://enic-kazakhstan.edu.kz/ru/post/143>) және 21.01.2022 facebook желісінде (<https://www.facebook.com/profile.php?id=100007721202904>) жарияланды.

2022 жылы білім берудің 12 саласы бойынша профессор-оқытушылар құрамы мен салалық кәсіптік қауымдастықтардың (ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің одағы, Білім және ғылым қызметкерлері, денсаулық сақтау министрлігі), Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Назарбаев Зияткерлік мектептердің, Атамекен ҰҚП, Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, НЗМ Педагогикалық шеберлік орталығының 507 өкілін тарта отырып, сарапшылар базасы жаңартылды. Сарапшылар тізімі БПЖАҰО директорының м.а. 2022 жылғы 18 сәуірдегі № 689 н/қ бұйрығымен бекітілді.

Сарапшылар тізіміне ғылыми дәрежесі бар 432 адам (85%), оның ішінде 50 ғылым докторы, 382 ғылым кандидаты және PhD докторлары, сондай-ақ ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, инклюзия бойынша мамандар кірді.

Сарапшылармен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын сараптау бойынша өтеулі қызметтер көрсету шарттары жасалды. Әрбір сарапшы ББ сарапшысының әдеп ережелері мен нормаларымен танысты.

4. ҚР ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларын әзірлеушілер мен сарапшылар үшін практикалық, оқыту семинарларын / тренингтерін ұйымдастыру және өткізу

ЖЖОКБҰ іске асыратын білім беру бағдарламаларын әзірлеу сапасын арттыру және оларды сараптау мақсатында 2022 жылы ҚР ҒЖБМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы білім беру бағдарламаларын әзірлеушілер мен сарапшылар үшін мынадай практикалық, оқыту семинарларын өткізді:

- Білім беру бағдарламаларын жобалау (білім беру бағдарламаларын әзірлеушілер үшін, 2022 жылғы 11 ақпан);
- Мақсаттарды, оқу нәтижелері мен құзыреттерді қалыптастыру әдістемесі (сарапшылар үшін, 2022 жылғы 5 және 12 ақпан);
- Оқу нәтижелерін бақылау және бағалау құралдары (сарапшылар үшін, 2022 жылғы 14 және 21 мамыр);
- Инновациялық білім беру бағдарламалары: әзірлеу және енгізу тәжірибесі (14-17 қыркүйек 2022 ж., Павлодар қ.).

Іс-шаралар ZOOM платформасында және Facebook, Youtube парақшаларында тікелей эфирде көрсету арқылы офлайн форматта өткізілді.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің, аккредиттеу органдарының өкілдері, тізілімге жауапты академиялық мәселелер жөніндегі проректорлар, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеушілер мен сарапшылар қатысты.

Семинар-тренингтердің мақсаты жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын әзірлеу және сараптау тәжірибесін алмасу және тарату болып табылады.

Семинар материалдары сайтта орналастырылған: <https://enic-kazakhstan.edu.kz/ru/reestr-op/seminary---treningi-reestra-op-1>.

Өткізілген семинарлардың тиімділігін талдау мақсатында google-сауалнамалар арқылы: <https://forms.gle/5PEJ3aGxzYB9FLuP7>; <https://forms.gle/cpdwLfHQeGx8Az1f9>; <https://forms.gle/srcpgtpHs3E2ivmv9> және жеделхат арна арқылы <https://t.me/+bYfp5gDnI8Y0OGYy> тыңдаушыларға сауалнама жүргізу ұйымдастырылды.

✓ **Білім беру бағдарламаларын жобалау** (білім беру бағдарламаларын әзірлеушілер, жоғары мектеп педагогтері үшін ZOOM платформасында онлайн форматта, 2022 жылғы 11 ақпан)

Семинарда тәжірибелерімен бөлісті:

- «Түлектің кәсіби қызмет саласын зерттеу» тақырыбында Назарбаев университетінің профессоры Duishonkul Shamatov;

- «ББ құрылымын және оқыту мен оқытудың пәндер, әдістер, технологиялар тізбесін анықтау» тақырыбында КИМЭП университетінің деканы Жұлдыз Смағұлова;

- «Білім беру бағдарламаларында оқу нәтижелерін қалыптастыру» тақырыбында Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті департаментінің директоры Гүлвира Ақыбаева;

- «Қазақстандағы қос дипломды пәнаралық білім беру бағдарламаларын жобалаудың перспективалары мен мәселелері» тақырыбында Медицина университетінің проректоры Виктор Риклефс.

Семинар тыңдаушыларына Google сауалнамасы <https://forms.gle/5pej3agxzyb9flup7> жүргізілді. Респонденттердің жауаптарын талдау қатысушылардың 100% семинарға қатысудан практикалық пайда алғанын және тыңдаушылардың 87% білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде семинар материалдарын пайдаланғанын көрсетті.

✓ **ББ сарапшыларына арналған семинарлар**

Білім беру бағдарламаларын бағалау сапасын арттыру мақсатында «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ББ тізілімі» АЖ-да 2022 жылы ББ сарапшылары үшін 2 семинар өткізілді:

- Мақсаттарды, оқу нәтижелері мен құзыреттерді қалыптастыру әдістемесі (2022 жылғы 5 және 12 ақпан);

- Оқу нәтижелерін бақылау және бағалау құралдары (2022 жылғы 14 және 21 мамыр).

Семинарлар ZOOM платформасында өтті, спикер - Е.А. Бекетова атындағы Қарағанды университеті департаментінің директоры Г. Ақыбаева.

Семинарларда келесі сұрақтар қаралды:

1) оқу мақсаттарын, нәтижелерін және құзыреттерін қалыптастыру әдістемесі: оқыту процестерінің таксономиясы;

2) оқыту нәтижелерін бақылау және бағалау құралдары;

3) ББ төлқұжатын бағалау әдістемесі, оқыту деңгейлері бойынша ҰБК, СБШ, кәсіптік стандартқа, еңбек нарығының сұраныстарына, жаңа кәсіптер атласына сәйкестігіне ББ сараптамасы.

Сарапшыларға арналған семинарлардың міндеттері: Білім беру бағдарламасы мен Модуль деңгейінде оқыту мақсаттары, нәтижелері мен құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша практикалық дағдылар мен дағдыларды дамытуға ықпал ету; білім беру бағдарламаларында Оқыту нәтижелері мен құзыреттіліктерін бағалау құралдарын қолдану тәжірибесі туралы тұтас түсінік қалыптастыру.

Семинарлар барысында оқытудың интерактивті әдістері қолданылды: кейстерді талдау, пікірталастар, ой-талқы, кері байланыс және рефлексия.

Семинар тыңдаушыларына Google сауалнама <https://forms.gle/cpdwLfHQeGx8Az1f9> жүргізілді. Респонденттердің жауаптарын талдау қатысушылардың 100% семинарға қатысудан практикалық пайда алғанын және тыңдаушылардың 95% білім беру бағдарламаларын бағалау кезінде семинар материалдарын пайдаланғанын көрсетті.

✓ **Инновациялық білім беру бағдарламалары: әзірлеу және енгізу тәжірибесі (14-17 қыркүйек 2022 ж., Павлодар қ.)**

2022 жылғы 14-17 қыркүйекте ҒЖБМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы Торайғыров университетімен және BTS-Education-пен бірлесіп «Инновациялық білім беру бағдарламалары: әзірлеу және енгізу тәжірибесі» атты ашық әдіснамалық семинар өткізді.

Семинар өз алаңында проректорларды, елорданың және Қазақстанның барлық өңірлерінің жоғары оқу орындарының академиялық қызметтерінің басшыларын, «Атамекен» ҰҚП, Павлодар өңірінің өнеркәсіптік кәсіпорындары мен колледждерінің өкілдерін жинады

Келесі спикерлер сөз сөйледі:

- Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының директоры А.А. Мұхатаев «Жоғары білім беруді дамытудың ұлттық орталығы: Трансформация және даму міндеттері»;

- Торайғыров университетінің ректоры Е.Т. Садықов «Торайғыров университетінің инновациялық білім беру бағдарламалары: әзірлеу тәжірибесі»,

- BTS-Education директорының орынбасары Е.Б. Молдақасымов «Жаңа Қазақстан үшін жаңа мамандықтар: жаңа мамандықтар атласының инновациялық қажеттіліктері мен жаңа мүмкіндіктері»,

- Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы басқармасының басшысы А.А. Мұхамбетова «Инновациялық білім беру бағдарламаларын талдау және әзірлеу тәртібі»,

- Ланкастер Университетінің бизнес мектебінің аға ғылыми қызметкері Радко Н. «Ұлыбританияның білім беру экожүйесін құру тәжірибесі».

Инновациялық бағдарламаларды әзірлеу тәжірибесімен өнеркәсіптік компаниялардың өкілдерімен бірлесіп бағдарламаларды әзірлеушілер-университет профессорлары бөлісті.

«Қазақстанның стратегиялық дамуындағы білім берудің рөлі» атты дөңгелек үстел барысында қатысушылар жоғары білім берудегі стратегиялық өзгерістерді, жаңа Қазақстан экономикасының салалары үшін жаңа кәсіптерді дамыту перспективаларын талқылады.

«Білім беру бағдарламаларын әзірлеудегі стратегиялық құндылықтар» интерактивті сессиясын BTS Education ЖШС сарапшысы М.Скиба, BTS Education ЖШС білім беру бағдарламаларын жаңарту жөніндегі менеджері О.Мамырбаев өткізді. Семинарға қатысушылар топтарда жұмыс істей отырып, «Жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласын» пайдалана отырып, инновациялық білім беру бағдарламаларының жобаларын әзірлеу бойынша жұмыс жасады.

Өткізілген семинардың тиімділігін талдау мақсатында [google-сауалнама https://forms.gle/srcpgtpHs3E2ivmv9](https://forms.gle/srcpgtpHs3E2ivmv9) арқылы және жеделхат арна: [тыңдаушыларға сауалнама https://t.me/+bYfp5gDnI8Y0OGYy](https://t.me/+bYfp5gDnI8Y0OGYy) арқылы тыңдаушыларға сауалнама ұйымдастырылды. Сауалнамаға 107 тыңдаушы қатысты.

Тыңдаушыларға келесі сұрақтар қойылды:

1. Сіз семинарға қатысудың практикалық пайдасын көрдіңіз бе?
2. Сіз әріптестеріңізге осындай семинарға қатысуға кеңес бересіз бе?
3. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша осындай семинарларға қатысуды жалғастырғыңыз келе ме?
4. Сіз ББ әзірлеу кезінде семинар материалдарын қолдандыңыз ба?
5. Семинарды 10 балдық шкала бойынша қалай бағалайсыз? (10-ең жоғары баға)
6. Сіз жаңа білім беру бағдарламаларын жасағыңыз келе ме?
7. Семинарға қатысқаннан кейін білім беру бағдарламаларын жаңарттыңыз ба?

Респонденттердің жауаптарын талдау қатысушылардың 100% семинарға қатысудан практикалық пайда алғанын көрсетті; тыңдаушылардың 99 % өз әріптестеріне осындай семинарға қатысуға кеңес береді; 98% білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша осындай семинарларда оқуды жалғастыруға ниет білдірді, тыңдаушылардың 83 % білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде семинар материалдарын пайдаланды; тыңдаушылардың 98% семинарды аяқтағаннан кейін семинарлар жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеуді бастады, тыңдаушылардың 93% ББ жаңартты немесе жаңарту үшін өз бағдарламаларын қайта қарауда.

Осылайша, семинар жоғары кәсіби деңгейде өтті, әдіснамалық және практикалық бағытқа ие болды, бұл өз кезегінде жоғары оқу орындарына алынған ақпаратты сапалы және сұранысқа ие инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу үшін қолдануға мүмкіндік береді деген қорытынды жасауға болады.

5. 2022 жылы ББ тізіліміне өтінімдерді қабылдау

«ЖЖОКБ ББ тізілімі» АЖ-ға 2022 жылы 5132 өтінім берілді, оның ішінде:

- Тізілімге ББ енгізуге - 882 өтінім, оның ішінде 33-і педагогикалық қайта даярлау бағдарламаларын енгізуге;

- Тізілімде ББ жаңартуға - 3772 өтінім;

- Тізілімнен ББ алып тастауға - 478 өтінім.

Берілген өтінімдерден:

- 1625 ББ, оның ішінде инновациялық 67 ББ сараптамаға жіберілді;

- тізілімге енгізілген-640 ББ, оның ішінде педагогикалық қайта даярлау бойынша-19 ББ;

- 798 өтінім қабылданбады, оның ішінде: «Тізілімге ББ енгізуге» - 291;

- Тізілімде жаңартылған-3049 ББ.

Егер 2021 жылы барлық өтінімдерді қабылдау 2021 жылғы 1 қарашада тоқтатылып, 2022 жылғы 7 ақпанда ғана ашылса, ағымдағы жылы тізілімге ББ енгізу және ББ сараптамамен жаңарту үшін өтінімдерді қабылдау қаржылық есептің қорытындыларын шығару қажеттілігіне байланысты 2022 жылғы 4 қарашадан бастап уақытша тоқтатылды, ал қалған өтінімдерді қабылдау (сараптамасыз ББ жаңартуға, Тізілімнен ББ алып тастауға) үздіксіз жалғасады.

6. Тізілім жұмысының мониторингі

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығымен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және одан шығару негіздері әзірленді және бекітілді. Қағидалар 28.10.2022 жылы күшіне енді.

Бұл ретте 2022 жылдың басынан бастап 28 қазанға дейін «ЖЖОК ББ тізілімі» АЖ өтінім беру процесі, оны қарау және білім беру бағдарламаларына сараптама ҚР БҒМ-мен келісілген және БПЖАҰО директорының 7.02.2022 жылғы №154 н/қ бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізілімі туралы Ережеге сәйкес жүргізілді.

Тізілім туралы қағидалар мен ережеге сәйкес 2022 жылы ББ тізілімін сүйемелдеуге мынадай өзгерістер енгізілді:

- объективтілікті арттыру және ББ сапасын жақсарту мақсатында тізілімде сарапшылар саны бір сарапшыдан 2, ал инновациялық сарапшылар саны 3 сарапшыға дейін ұлғайтылды;

- сарапшылардың барлығының немесе көпшілігінің теріс қорытындысы болған кезде өтінім ақпараттық жүйеде автоматты түрде қабылданбайды. Сарапшылардың теріс және оң қорытындылары тең болған кезде Комиссия Сарапшылар тізімінен тәуелсіз сарапшыны тарта отырып өтінімді қарайды.

- сарапшылардың ескертулері бойынша ББ пысықтау мерзімдері қысқартылды - 60-тан 10 жұмыс күніне дейін;

- әкімшінің (шектеусіз болған) және сарапшылардың (3-тен аспаған) ескертулері бойынша пысықтаулар саны шектелді, 2022 жылы – 2 реттен артық емес, оның ішінде бір пысықтаудан артық емес - әкімшінің ескертулері бойынша және бір пысықтаудан артық емес – сарапшылардың ескертулері бойынша;

- өтінімде бөтен материалдардың болуы анықталған кезде (мәтіннің рұқсат етілген сәйкестік шегі - 50% - дан аспайды) сарапшы бағдарламаны қабылдамайды.

- Комиссия шешімінің негізінде немесе сарапшылар кері қайтарылған бағдарламаны енгізу және (немесе) жаңарту үшін өтінімді Тізілімде қайта қарау, өтінім берушінің қаражаты есебінен ақылы негізде жүргізіледі;

- Тізілімге лицензия және/немесе кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша лицензияға қосымшаны алу үшін ұсынылған бағдарлама Комиссия шешімі бойынша Тізілімге ортақ қол жеткізу үшін көрсетілмей енгізіледі;

- бағдарламаны Тізілімнен алып тастауға болатын жағдайлар толықтырылды: бағдарлама Тізілімге енгізілгеннен кейін 6 (алты) ай ішінде лицензия және (немесе) тиісті даярлау бағыты бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензияға қосымша болмаған кезде; өзі ресми ұсынған ақпарат негізінде танылған аккредиттеу органдарының Тізіліміне енгізілген аккредиттеу органының бағдарламаны аккредиттеу және/немесе «бағдарламаны аккредиттемеу» шешімін қабылдау туралы шешімдер; бағдарламаның өзектілігін жоғалтуы (соңғы 3 (үш) жыл ішінде білім алушылар контингентінің болмауы); МЖМБС, салалық біліктілік шеңбері және/немесе Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 117-бабының 2-

тармағына сәйкес бекітілген кәсіптік стандарттар өзгергеннен кейін 1 (бір) күнтізбелік жыл ішінде бағдарламаны жаңартудың болмауы.

Функция атаулары	2021 жыл	2022 жыл
Тізілімге енгізу үшін ББ сараптамасын жүргізу	1 сарапшы	2 сарапшы (қолданыстағы / жаңа ББ) 3 сарапшы (инновациялық ББ)
Оепратордың ББ қарау	20 жұмыс күні	10 жұмыс күні
Сарапшының ББ қарауы	30 жұмыс күні	10 жұмыс күні
Оператордың ескертулері бойынша ББ пысықтау	шектелмеген	10 жұмыс күні
Сарапшылардың ескертулері бойынша ББ пысықтау	60 күн	10 жұмыс күні
Оператордың пысықталған ББ қарау	көрсетілмеген	10 жұмыс күні
Оператордың ескертулері бойынша түзетулердің рұқсат етілген саны	көрсетілмеген	1 реттен артық емес
Сарапшылардың ескертулері бойынша түзетулердің рұқсат етілген саны	3 рет	1 реттен артық емес

Тізілімге **8556** білім беру бағдарламасы (2022 жылғы қарашадағы деректер), оның ішінде деңгейлер бойынша енгізілген:

- бакалавриат - 3923 ББ;
- магистратура - 3415 ББ; резидентура - 313 ББ;
- докторантура - 886 ББ.

Педагогикалық қайта даярлау жөніндегі бағдарламалар - 19 ББ.

8556 ББ-дан **5505 ББ (64%) жаңартылды; кәсіби стандарттар** негізінде 672 ББ (8 %) әзірленді және Тізілімге енгізілді.

Қазіргі уақытта 4917 (немесе 57,5%) білім беру бағдарламалары аккредиттелген, оның ішінде: бакалавриат деңгейінде – 2681 ББ, магистратура деңгейінде – 1714 ББ, докторантура деңгейінде – 522 ББ.

Білім беру салалары бойынша білім беру бағдарламаларының саны келесідей:

- 1) Педагогикалық ғылымдар – 1702 ББ;
- 2) Өнер және гуманитарлық ғылымдар – 828 ББ;
- 3) Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат – 366 ББ;
- 4) Бизнес, басқару және құқық – 1717 ББ;
- 5) Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика – 542 ББ;
- 6) Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – 580 ББ;
- 7) Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары – 1552 ББ;
- 8) Ауыл шаруашылығы және биоресурстар – 266 ББ;
- 9) Ветеринария – 51 ББ;
- 10) Денсаулық сақтау – 562 ББ;
- 11) Қызмет көрсету - 72 ЖОО – 384 ББ;
- 12) Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс – 6 ББ.

Жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары тізілімге енгізген білім беру бағдарламаларын талдау ББ саны бойынша көшбасшылардың бестігіне мынадай дайындық салалары кіретінін көрсетті:

- 1) барлық бағдарламалардың бестен бір бөлігін немесе 20,1% - «Бизнес, басқару және құқық» білім беру саласы бойынша ББ – 1717 ББ алады;
- 2) Педагогикалық ғылымдар – 1702 ББ немесе 19,9%;
- 3) Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары – 1552 ББ (18%);
- 4) Өнер және гуманитарлық ғылымдар – 828 ББ (9,7%);
- 5) Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар - 580 ОП (6,8 %)

Білім салалары мен деңгейлері бөлінісінде тізілімдегі білім беру бағдарламаларының саны бойынша ақпарат 1 кестеде келтірілген.

Кесте 1- Білім салалары мен деңгейлері бөлінісінде тізілімдегі білім беру бағдарламаларының саны

Код	Білім саласы	Бакалавриат	Магистратура /Резидентура	Доктор ант.	Педаг. қайта даярлау	Барлығы
01	Педагогикалық ғылымдар	904	624	155	19	1702
02	Өнер және гуманитарлық ғылымдар	446	273	109		828
03	Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	172	158	36		366
04	Бизнес, басқару және құқық	702	856	159		1717
05	Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика	225	234	83		542
06	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	313	215	52		580
07	Инженерлік, өңдеу және құр. салалары	709	656	187		1552
08	Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	110	110	46		266
09	Ветеринария	22	18	11		51
10	Денсаулық сақтау	86	133/313	30		562
11	Қызметтер көрсету	229	137	18		384
12	Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	5	1	0		6
	БАРЛЫҒЫ	3923	3728	886	19	8556

Білім салалары мен деңгейлері бөлінісінде тізілімдегі білім беру бағдарламаларының саны бойынша салыстырмалы деректер келесі диаграммада келтірілген.



«12 Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс» саласы бойынша ББ ең аз саны - 6 ББ немесе 0,1%. Осы сала бойынша дайындықты "Қоғамдық қауіпсіздік" бағыты бойынша 4 жоғары оқу орны жүзеге асырады: бакалавриат - жоғары оқу орындары іске асыратын 5 ББ: Alikhan Vokeikhan University (1), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (1), Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық Заң Академиясы (2), Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті (1); магистратура – 1 ББ (7М012301 Құқық қорғау қызметі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ).

Жүзеге асыралатын ББ саны бойынша алғашқы ондыққа келесі ЖОО кіреді:

- 1) әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – 562 ББ;
- 2) Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті – 299 ББ;
- 3) М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті - 292 ББ;
- 4) Абай атындағы ҚазҰПУ-269 ББ;
- 5) М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті-190 ББ;
- 6) Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті – 196 ББ;
- 7) Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті - 193 ББ;

- 8) Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті - 170 ББ;
- 9) М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті - 163 ББ;
- 10) Торайғыров университеті - 163 ББ.

Тізілімге **266 инновациялық ББ** немесе 3,1 % енгізілді.

Инновациялық бағдарламалардың негізгі бөлігі бакалавриат деңгейінде – 159 ББ (60%), магистратура – 95 ББ (36%), докторантурада – 12 ББ (4,5%) әзірленді.

Инновациялық бағдарламалардың басым бөлігін Қазақстанның келесі жоғары оқу орындары әзірледі:

- 1) Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ – 39 ББ;
- 2) М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті – 23 ББ;
- 3) А. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті – 15 ББ;
- 4) Д. Серікбаев атындағы ШҚУ – 14 ББ;
- 5) Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – 12 ББ;
- 6) Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ – 11 ББ;
- 7) Қ.Жұбанов атындағы АӨУ – 10 ББ;
- 8) Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті – 10 ББ.

Құзыреті еңбек нарығында сұранысқа ие болатын кадрларды даярлау жоғары оқу орындарының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Сондықтан болашақ түлектің моделін дұрыс болжау маңызды. Бұл мәселеде стейкхолдерлермен шоғырландыру өте маңызды. Жұмыс берушілердің, стратегиялық серіктестердің қажеттіліктерін өзгерту ББ мақсаттарын, оқу жоспарларын түзетуді талап етеді, бұл білім беру бағдарламаларының жаңаруына әкеледі.

Қазіргі уақытта бағдарламалардың **65,1% жаңартылды**. Тізілімдегі ОП *жаңартудың негізгі себептері*:

- 1) оқу жоспарларына жаңа пәндерді енгізу;
- 2) кәсіптік стандарттарға, жаңа кәсіптер атласына сәйкес жұмыс берушілердің, білім алушылардың, халықаралық аккредиттеу агенттіктерінің ұсынымдарына байланысты, сондай-ақ шетелдік әріптес жоғары оқу орындарымен бірлескен және екі дипломдық білім беру бағдарламаларын ашу мақсатында пәндер бойынша оқу мақсаттарын, нәтижелерін өзгерту немесе түзету;
- 3) МЖМБС сәйкес ББ келтіру;
- 4) пәндердің саны мен еңбек сыйымдылығын өзгерту/қосу, пәндерді бір циклден екінші циклге ауыстыру.

Кадрларды даярлау экономиканың қазіргі заманғы даму талаптарына, жұмыс берушілердің талаптарына, нормативтік құжаттарға сәйкес келуі тиіс.

Бағдарламаны жаңартуды жоғары оқу орындары білім беру қызметтері нарығында оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында жүргізеді. Сонымен қатар, тізілімге енгізілген ББ талдауы мыналарды анықтады: 2019

жылы Тізілімге 5867 білім беру бағдарламасы енгізілді, оның ішінде қазіргі уақытта 1234 ББ жаңартылмаған.

Педагогикалық қайта даярлау бағдарламалары. 2022 жылғы тізілім мазмұнының айрықша ерекшелігі - ЖОО-лар ҚР БҒМ тапсырмаларын орындау бойынша (ЖЖОКБД-ның 10.09.2021 жылғы хаты) педагогикалық қайта даярлау жөніндегі бағдарламаларды тізіліміне енгізуге кірісті.

Қазіргі уақытта педагогикалық қайта даярлау бойынша 19 бағдарлама Тізілімге енгізілген.

№	Педагогикалық қайта даярлау бағдарламаларының әзірлеушілері ЖЖОКБҰ
1	Университет имени Сүлеймана Демирелі атындағы университет
2	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
3	Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
4	Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты
5	Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
6	Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
7	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
8	Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
9	Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
10	М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
11	Alikhan Bokeikhan University
12	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
13	Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
14	"Болашақ" Қызылорда университеті
15	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
16	М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті
17	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
18	Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
19	А. Байтұрсынов атындағы Қостанай Өңірлік университеті

Тізілімнен ББ алып тастау

2022 жылы тізілімнен келесі себептер бойынша **1152 ББ** алынып тасталды:

- 1) лицензияны қайтарып алу/қайтару – 86 ББ;
- 2) өзектілігін жоғалту, контингенттің болмауы – 910 ББ;
- 3) қайталанатын ББ алып тастау - 45;
- 4) лицензиядан айыру, ЖЖОКБҰ жабу - 111 ББ.

Білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидаларының 29-тармағына сәйкес бағдарламаны тізілімнен алып тастауды бағдарламаның өзектілігі жоғалған (соңғы 3 (үш) жыл ішінде білім алушылар контингенті болмаған) кезде әкімші жүргізеді.

ҚР ҒЖБМ БПЖАҰО жоғары білім мазмұнын басқару кеңсесі тізілімге енгізілген білім беру бағдарламаларына мониторинг жүргізді, ЖОО-дан ББ бөлінісінде білім алушылар контингенті туралы деректер алынды. Мониторинг өзектілігін жоғалтқан, талап етілмеген ЖОО бағдарламаларын

анықтады. Бұл барлық тиісті жоғары оқу орындарына жіберілген Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының хатында көрсетілген (2022 жылғы 24 ақпандағы №155/04-50 хат). ЖОО-лар БПЖАҰО ұсынысы бойынша өздерінің ББ мониторингін жүргізді. Нәтижесінде контингенттің болмауына және өзектілігінің жоғалуына байланысты 910 бағдарлама тізілімнен шығарылды.

ББ сараптамасы барысында анықталған типтік қателер

Кейбір білім беру бағдарламаларын сараптау барысында келесі ескертулер атап өтілді:

- ББ-ның мәлімделген дайындық бағытына, ҰБШ деңгейіне сәйкес келмеуі;

- ОН пәндер сипаттамасының мазмұнымен әлсіз корреляциясы;

- пәндер мен олардың мазмұнының қайталануы;

- жоғары білім беру МЖМБС 8-тармағына сәйкес келмеуі. МЖМБС осы тармағына сәйкес ЖБП циклы білім алушылардың экономика және құқық саласындағы құзыреттерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздерін, сондай-ақ кәсіпкерлік дағдыларын, ғылыми зерттеу әдістерін қалыптастыруға бағытталған кемінде 5 академиялық кредит ЖООК және (немесе) ТБК пәндерін қамтиды. Алайда, бұл талап жоғары оқу орындарының ББ әзірлеу кезінде әрдайым сақтала бермейді.

- «Ғылым тарихы және философиясы», «Шет тілі (кәсіптік)», «Жоғары мектеп педагогикасы», «Басқару психологиясы» пәндерінің ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламаларының БП циклінде болуы бойынша МЖМБС 5-тармағын бұзу;

- ББ мазмұнының ББ мақсатына сәйкес келмеуі, мақсат жиі жалпы сипатта болады (мыс.: «Білім беру бағдарламасының мақсаты университеттің миссиясымен келісілген және озық білімі, кәсіпкерлік дағдылары бар, тұлғааралық және кәсіби өзара іс-қимыл міндеттерін шешу үшін көп тілді және көп мәдениетті коммуникацияға қабілетті, өз ұстанымын дәлелді түрде айта алатын және нарықта сұранысқа ие елдің зияткерлік элитасын дайындауға бағытталған.»);

- ББ төлқұжатында өзекті емес, ескірген пәндердің болуы;

- педагогикалық пәндер докторантураның барлық білім беру бағдарламаларында қамтылмаған немесе олар тек «Философия және педагогика тарихы», «Жоғары мектепті оқыту әдістемесі» пәндерімен ұсынылған. ББ-да негізінен арнайы ғылыми бағыттар (тарих, филология, химия және т.б.) бойынша пәндер ұсынылған.

7. «ЖЖОКБҰ ББ Тізілімі» ақпараттық жүйесін техникалық жетілдіру бойынша жүргізілген жұмыс

2022 жылы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының Тізілімі» ақпараттық жүйесінде мынадай техникалық пысықтаулар жүргізілді:

- кадрларды педагогикалық қайта даярлау бойынша білім беру бағдарламаларының Тізіліміне ББ енгізу;

- «Тізілімге ББ енгізу» модулінің функционалдық мүмкіндігін кеңейту: бір уақытта бірнеше сарапшыға бір ББ жіберу;

- «Тізілімде ББ жаңарту» модулінің функционалдық мүмкіндігін кеңейту: ББ төлқұжатын сараптамаға жібермей Әкімшінің жаңартуға, сараптамаға және жаңартуға берген өтінімдерін жолдау;

- іздеу және сүзу блогына «Кәсіби стандарт негізінде/СБШ» өрісті қосу;

- «Кадрларды даярлау бағытына лицензияға қосымшаның болуы» критерийі бойынша іздеу және сүзу;

- мәртебе берілген күн бойынша сүзу;

- бірнеше критерийлер бойынша енгізілген білім беру бағдарламалары туралы деректерді Excel форматында түсіру;

- «Тізілімге ББ енгізу» және «Тізілімде ББ жаңарту» түрлері бойынша өтінімдерді қарау кезінде сарапшылардың бірі қабылдамаған жағдайда «Комиссия шешімінде» жаңа мәртебесін қосу жолымен ББ Әкімшінің шешім қабылдауы;

- сарапшылардың ескертулері бойынша (пысықтауға жіберу кезінде сарапшының ескертуімен келіспеген жағдайда) жоғары оқу орындарының түсініктемелер жолдауы;

- Тізілімде ББ жаңартуға өтінімді сараптау бойынша сарапшылар санын 1-ге дейін қысқарту;

- «Комиссия шешімінде» өтінім мәртебесі кезінде, егер сарапшылардың пікірлері екіге бөлінсе, тәуелсіз сарапшыны қосу мүмкіндігі іске асырылды;

- Excel форматында енгізілген білім беру бағдарламалары туралы деректерді бірнеше критерийлер бойынша түсіру (төлқұжаттық деректер: облыс, бағыт, ББ деңгейі, ББТ, академиялық дәрежесі, айрықша ерекшеліктері, лицензияның болуы, КС, мақсаты, ОН, қаз, орыс., ағыл. тілдеріндегі пәндер, мәртебе күні).

ББ төлқұжаттық деректеріне өзгерістер/түзетулер енгізу қажеттілігі туындаған кезде жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын жаңарту, өзектендіру кезінде белгілі бір мәселелер бар. Оларға мыналар жатады: шифрға өзгерістер енгізу, 3 тілдегі ББ атауы (жоғары оқу орындары бұрын жіберген техникалық немесе грамматикалық қателер болған жағдайда), ББ айрықша ерекшеліктеріне (ББ Қос дипломдығын, серіктес ЖОО атауын қосу). Сондай-ақ, ЖОО жүйелерінен API-арналар арқылы ЖБББЖ-не дұрыс интеграцияланбаған жағдайлар бар, бұл өз кезегінде ББ төлқұжаттық деректеріне белгілі бір түзетулер енгізуді талап етеді.

ББ жаңартуға өтінім беру кезінде ЖОО-да бұл өзгерістерді енгізу мүмкіндігі жоқ, бұл жағдайда ЖОО Әкімшіге, яғни БПЖАҰО-на жүгінеді. Мұндай өзгерістер енгізу үшін Әкімші Платонустың техникалық қолдауына жүгінуі керек, бұл өз кезегінде бірнеше күннен бір айға дейін созылады.

Сондықтан, жоғарыда аталған әрекеттерді Әкімші өз бетінше жүзеге асырудың техникалық мүмкіндігін іске асыру үшін функционалға тапсырыс беру қажет.

8. 2022 жылға кадрларды даярлау бағыттары бойынша ОӘБ-ЖБТ жұмысы

2022 жылы кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктердің жұмысын, сондай-ақ Орталықтың сұрауларына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ұсынған деректері негізінде Ғылым және жоғары білім министрлігінің хаттамалық тапсырмаларын орындау бойынша жұмыстарды талдау бойынша талдамалық анықтамалар дайындалды (14.09.2022 ж. №1550/04-235 шығ. хат).

Анықтамаларда 2022 жылғы 24 ОӘБ-ЖБТ құрамындағы өзгерістер, жұмыс берушілермен өзара әрекеттестік, ОӘБ отырыстарында білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру мәселелерін талқылау, ОӘБ-ЖБТ-ның кітаппен қамтамасыз ету, оқулықтар мен оқу құралдарын сараптау жөніндегі қызметі, Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің (РОӘК) 30.12.2021 ж., 29.04.2022 ж. хаттамалық тапсырмаларын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарымен орындау жөніндегі ОӘБ жұмысы.

Талдамалық анықтамалар жиырма төрт ОӘБ - ЖБТ деректері бойынша жасалды.

Ақпаратты ОӘБ-ЖБТ ұсынды:

- *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ* кадрларды даярлау бағыттары бойынша: Гуманитарлық ғылымдар; Әлеуметтік ғылымдар; Бизнес және басқару* (Менеджмент және басқару, әлемдік экономика); Биологиялық және сабақтас ғылымдар; Қоршаған орта; Физика және химия ғылымдары; Математика және статистика; Инженерия және инженерлік іс* (Қоршаған ортаны қорғау технологиясы, нанотехнология және материалтану);

- *Е.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ*: Журналистика және ақпарат, Түркология, Бизнес және басқару (Аудит және салық салу); Әлеуметтік жұмыс;

- *Абай атындағы ҚазҰПУ* келесі бағыттар бойынша: Педагогика және психология; Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау* (музыка мұғалімдерін даярлау), көркем еңб. және сызу); Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау; Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау; Арнайы педагогика бойынша мамандарды даярлау;

- *ҚазҰлтҚызПУ* бағыттар бойынша: Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы; Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау; Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану бойынша мамандар даярлау;

- *ҚазҰАЗУ* бағыттар бойынша: Агрономия; Мал шаруашылығы; Орман шаруашылығы; Балық шаруашылығы; Жерге орналастыру; Су ресурстары және су пайдалану; Агроинженерия; Ветеринария;

- Қ. Сәтбаев ат. ҚазҰТЗУ бағыттар бойынша: Инженерия және инженерлік іс* (Электроника және автоматтандыру); Өндірістік және өңдеу салалары* (мұнай-газ ісі); Геология;
- С. Д. Асфендияров ат. ҚазҰМУ бағыты бойынша: Денсаулық сақтау;
- Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы бағыты бойынша: Өнер;
- А. Сағынов атындағы ҚарТУ бағыттар бойынша: Инженерия және инженерлік іс* (Механика және металл өңдеу); Өндірістік және өңдеу салалары* (тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру); Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша); Гигиена және өндірісте еңбекті қорғау;
- Қарағанды индустриялық университеті бағыты бойынша: Өндірістік және өңдеу салалары* (Металлургия);
- Ш. Есенов ат. Каспий технология және инжиниринг университеті бағыты бойынша: Инженерия және инженерлік іс* (Теңіз техникасы және технологиялары);
- М. Х. Дулати атындағы ТарӨУ бағыты бойынша: «Су шаруашылығы»;
- М. Әуезов ат. ОҚУ бағыттары бойынша: Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау; Инженерия және инженерлік іс* (Химиялық инженерия және процестер); Қызмет көрсету саласы* (Мәдени-демалыс жұмысы);
- Ф. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті бағыттары бойынша: Телекоммуникация; Инженерия және инженерлік іс* (Электротехника және энергетика, Ғарыштық техника және технологиялар);
- Азаматтық авиация академиясы бағыты бойынша: «Инженерия және инженерлік іс* (авиациялық техника және технологиялар)»;
- Логистика және көлік академиясы бағыттары бойынша: Көлік қызметтері; Инженерия және инженерлік іс* (Көлік, көлік техникасы және технологиялары);
- Алматы технологиялық университеті бағыттары бойынша: Қызмет көрсету саласы* (Мейрамхана дело және қонақ үй бизнесі); Өндірістік және өңдеу салалары* (тамақ өнімдерін өндіру, тоқыма материалдарының технологиясы мен дизайны);
- Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ бағыттары бойынша: Тілдер мен әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау; Тілдер мен әдебиет;
- Қазақ спорт және туризм академиясы бағыттары бойынша: Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау* (Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау); Қызмет көрсету саласы* (Туризм және спорт);
- М. С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ «Құқық» бағыты бойынша;
- Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті бағыттары бойынша: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар; «Ақпараттық қауіпсіздік»;
- Халықаралық білім беру корпорациясы «Сәулет және құрылыс» бағыты бойынша;

- *Нархоз Университеті* бағыттары бойынша: Бизнес және басқару* (Қаржы, банк және сақтандыру ісі, Маркетинг және жарнама, Еңбек дағдылары, Экономика, Бағалау);

- *Торайғырова университеті* ҚР азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарға арналған дайындық бөлімшелері бойынша.

2022 жылы Орталық ҚР ҒЖБМ Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің (бұдан әрі - РОӘК) 2 отырысын өткізуге дайындықты ұйымдастырды.

РОӘК отырыстары өткізілді:

1) 2022 жылғы 29 сәуірде келесі күн тәртібімен:

- Микроквалификация бойынша әдістемелік ұсынымдар жобасымен танысу (Тойбаев А. Ж. – ЖЖОКБД директоры);

- Қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларының жобасын талқылау (Нарбекова Б. М. – ЖЖОКБД директорының орынбасары);

- Оқу-әдістемелік бірлестіктердің қызметін трансформациялау туралы (Нарбекова Б. М. – ЖЖОКБД директорының орынбасары);

- Білім алушылар практикасының ережесін бекіту (Тойбаев А. Ж. – ЖЖОКБД директоры);

- Магистратура мен докторантураға түсу үшін білім беру салаларының сәйкестігінің әдістемелік ұсынымдарын бекіту (Тойбаев А. Ж. – ЖЖОКБД директоры);

- ЖОО-ның педагогикалық білім беру бағдарламаларын талдау (Сәкенова Қ. Ж. - БПЖАҰО директорының орынбасары)

РОӘК отырысының материалдары Орталық сайтының бетінде орналастырылған: <https://enic-kazakhstan.edu.kz/ru/uchebno-metodicheskie-obedineniya-respublikanskogo-uchebno-metodicheskogo-soveta-vysshego-i-poslevuzovskogo-obrazovaniya-pri-vuzah/materialy-zasedaniya-rums>.

2) 2022 жылғы 8 желтоқсанда келесі күн тәртібімен:

- Қазақстан Республикасының педагогикалық білім беруді дамыту тұжырымдамасын қарастыру (Билялов Д.Н. - Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры);

- Мемлекеттік тілге аударуға арналған Coursera курстарының тізбесін анықтау (Нарбекова Б. М. – ҚР ҒЖБМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары);

- «Су шаруашылығы» кадрларын даярлау бағыты бойынша ОӘБ қызметі туралы (Байжуманов М. К. - М.Х. Дулати ат. ТарӨУ ректоры).

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау салалары, деңгейлері мен бағыттары бойынша базалық құзыреттерді әзірлеу үшін Орталықпен 24 ОӘБ-ЖБТ тартылды (ЖЖОКБҰ ОӘБ-ЖБТ басшыларына 25.07.2022 жылғы №1550/04-182 шығ. хат). Бұл мәселе жоғары оқу орындарының ПОҚ, жетекшілік ететін дайындық бағыттары бойынша жұмыс берушілердің қатысуымен ОӘБ-ЖБТ жұмыс отырыстарында талқыланды.

Ұсыныстар мен ұсынымдар негізінде білім беру деңгейлері бойынша кадрлар даярлаудың 11 саласы мен 42 бағыты бойынша базалық құзыреттердің (оқыту нәтижелерінің) тізбесі БПЖАҰО директорының 2022 жылғы 29 қыркүйектегі №1304 бұйрығымен бекітілген.

2022 жылы Тізілімде орналастырылған кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары бойынша 12 талдамалық анықтама дайындалды (31.01.2022 жылғы, 2.03.2022 жылғы; 3.03.2022 жылғы; 29.03.2022 жылғы; 31.03.2022 жылғы; 11.04.2022 жылғы; 18.05.2022 жылғы; 19.05.2022 жылғы; 20.05.2022 жылғы; 3.10.2022 жылғы 16.06.2022 жылы №1550/04-152; 4.07.2022 жылы ЖЖОКБК-не шығ.хаты).

ҚОРЫТЫНДЫ

- Білім туралы Заңға сәйкес ҒЖБМ 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығымен Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздері әзірленді және бекітілді;

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының Тізілімі туралы Ереже әзірленді және бекітілді;

- объективтілікті арттыру және ББ сапасын жақсарту мақсатында Тізілімде сарапшылардың саны бір сарапшыдан 2-ге дейін, ал инновациялық – 3 сарапшыға дейін ұлғайтылды; барлық немесе көптеген сарапшылардың теріс қорытындысы болған кезде өтінім ақпараттық жүйеде автоматты түрде қабылданбайды. Сарапшылардың теріс және оң қорытындылары тең болған кезде Комиссия сарапшылар тізімінен тәуелсіз сарапшыны тарта отырып өтінімді қарайды;

- өтінімді қарау мерзімі қысқартылды: Әкімшімен – 20-дан 10 жұмыс күніне дейін; сарапшы – 30-дан 10 жұмыс күніне дейін;

- сарапшылардың ескертулері бойынша ББ пысықтау мерзімдері қысқартылды – 60-тан 10 жұмыс күніне дейін;

- Әкімшінің (шектеусіз болған) және сарапшылардың (3-тен аспаған) ескертулері бойынша пысықтаулар саны шектелген, 2022 жылы – 2 реттен артық емес, оның ішінде бір пысықтаудан артық емес – Әкімшінің ескертулері бойынша және бір пысықтаудан артық емес – сарапшылардың ескертулері бойынша;

- сарапшылар немесе Комиссия шешімі негізінде қабылдамаған бағдарламаны Тізілімге енгізу және (немесе) жаңарту үшін өтінімді қайта қарау өтініш берушінің қаражаты есебінен ақылы негізде жүргізіледі;

- Кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны алу үшін Тізілімге енгізуге ұсынылған ББ Тізілімге жалпы қол жеткізу үшін көрсетусіз енгізіледі;

- бағдарламаны Тізілімнен алып тастауға болатын жағдайлар толықтырылды: бағдарлама Тізілімге енгізілгеннен кейін 6 (алты) ай ішінде

лицензия және (немесе) тиісті даярлау бағыты бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензияға қосымша болмаған кезде; өзі ресми ұсынған ақпарат негізінде танылған аккредиттеу органдарының Тізіліміне енгізілген аккредиттеу органының бағдарламаны аккредиттеу және/немесе «бағдарламаны аккредиттемеу» шешімін қабылдау туралы шешімдер; бағдарламаның өзектілігін жоғалтуы (соңғы 3 (үш) жыл ішінде білім алушылар контингентінің болмауы); МЖМБС, салалық біліктілік шеңбері және/немесе Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 117-бабының 2-тармағына сәйкес бекітілген кәсіптік стандарттар өзгергеннен кейін 1 (бір) күнтізбелік жыл ішінде бағдарламаны жаңартудың болмауы;

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық; «Тізілімде ББ жаңарту» модулін пайдаланушының нұсқаулығы; жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының төлқұжаттарын сараптау жөніндегі нұсқаулық, «Тізілімге ББ енгізу» модулін пайдаланушының нұсқаулығы өзектендірілді;

- ЖЖОКБҰ профессор-оқытушылар құрамы мен салалық кәсіптік қауымдастықтардың 507 өкілін тарта отырып, сарапшылар базасы жаңартылды;

- 2022 жылы Орталық ЖЖОКБҰ-ның «ЖЖОКБҰ ББ Тізілімі» АЖ-не жіберген 5132 өтінімін қарады, оның ішінде: Тізілімге ББ енгізуге – 882 өтінім, оның ішінде 33-і педагогикалық қайта даярлау бағдарламаларын енгізуге; Тізілімде ББ жаңартуға – 3772 өтінім; Тізілімнен ББ алып тастауға – 478 өтінім. Сараптамаға 1625 ББ жіберілді, оның ішінде инновациялық – 67 ББ; Тізілімге – 640 ББ енгізілді, оның ішінде педагогикалық қайта даярлау бойынша – 19 ББ; 798 өтінім қабылданбады, оның ішінде: «Тізілімге ББ енгізуге» – 291; Тізілімде жаңартылды – 3049 ББ (оның ішінде сараптамасыз – 2224 ББ);

- ЖЖОКБҰ іске асыратын білім беру бағдарламаларын әзірлеу сапасын арттыру және оларды сараптау мақсатында 2022 жылы білім беру бағдарламаларын әзірлеушілер мен сарапшылар үшін 4 семинар ұйымдастырылып, өткізілді: Білім беру бағдарламаларын жобалау (білім беру бағдарламаларын әзірлеушілер үшін, 2022 жылғы 11 ақпан); Оқыту мақсаттары, нәтижелерін және құзыреттерін қалыптастыру әдістемесі (сарапшылар үшін, 2022 жылғы 5 және 12 ақпан); Оқыту нәтижелерін бақылау және бағалау құралдары (сарапшылар үшін, 2022 жылғы 14 және 21 мамыр); Инновациялық білім беру бағдарламалары: әзірлеу және енгізу тәжірибесі (14-17 қыркүйек 2022 ж.);

- ББ Тізілімінде Қазақстан Республикасының ЖЖОКБҰ атаулары және ЖЖОКБҰ-дағы ББ бойынша жауаптылардың тізбесі өзектендірілді, WhatsApp қосымшасында чат жаңартылды;

- ОӘБ жұмысына, оның ішінде ҚР ҒжЖБМ-нің хаттамалық тапсырмаларын орындау бойынша талдау жүргізілді;

- Platonus ЖШС-мен бірлесіп «ЖЖОКБҰ ББ Тізілімі» АЖ техникалық пысықтау бойынша жұмыс жүргізілді;

ББ әзірлеу мен Тізілімді жүргізудегі келесі мәселелерді анықтауға болады:

- жекелеген жоғары оқу орындарының ББ әзірлеу сапасының төмендігі (ББ КС сәйкес келмейді, еңбек нарығының болашақ қажеттіліктеріне бағдарланбаған, Жаңа кәсіптер атласы);

- ББ әзірлеу және оларды Тізілімде өзектендіру кезінде стейкхолдерлермен келіспеушілік;

- ЖЖОКБҰ-да ББ әзірлеушілерін оқыту бойынша жүйелі жұмыстың болмауы;

- Орталықта «ЖЖОКБҰ ББ Тізілімі» ақпараттық жүйесі әкімшісінің техникалық функциясының болмауы. Қазіргі уақытта әкімші функцияларын Platonus ЖШС жүзеге асырады және қажетті түзетулер енгізу қосымша қаржылық шығындарды талап етеді, сондай-ақ жұмыс процесін баяулатады.

Тізілімді жүргізу әдіснамасын одан әрі жетілдіру мақсатында мынадай шаралар қабылданатын болады:

- ББ сапасын бағалаудың әдістемелік ұсынымдары мен критерийлерін әзірлеу, оның ішінде Жаңа кәсіптер атласы негізінде;

- ББ әзірлеушілері мен білім беру бағдарламаларының сарапшыларын жүйелі негізде оқыту;

- ЖБББОЖ ақпараттық жүйені жетілдіру;

- «ББ Тізілімі» ақпараттық жүйесімен жұмыс барысында мынадай техникалық пысықтаулардың қажеттілігі анықталды:

- Әкімшінің өзгерістер енгізу мүмкіндігін іске асыру: ББ атауы мен кодына, ББ түріне, ЖЖОКБҰ мәртебесіне (қолданыстағы және қолданылмайтын (жабық));

- ББ жаңарту кезінде ЖОО-мен өрістерде өзгерістер енгізу мүмкіндігін іске асыру:

- Бекіту мерзімін көрсете отырып, Кәсіби стандарттың (тардың) атауын жазу;

- Ғылыми кеңесте ББ бекітудің өзекті күнін көрсету;

- Айрықша ерекшеліктері;

- Әкімші үшін мынадай критерийлер бойынша іздеу және сүзу мүмкіндігін іске асыру: ББ-ның айрықша ерекшеліктері; білім деңгейі (бакалавриат, магистратура, резидентура, докторантура); ББ аккредитациясының болуы; Кәсіптік стандарттың атауы бойынша;

- ББ-ны сараптамаға жіберген кезде:

- сараптаманың аяқталған күнін көрсете отырып, сарапшыға электрондық поштаға және/немесе телефонға (ватсапп) хабарлама жіберу мүмкіндігін іске асыру;

- «Денсаулық сақтау» даярлау саласы бойынша интеграцияланған ББ Тізілімге енгізу мүмкіндігін іске асыру.